



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 28/106
13 шілде



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



ПРЕЗИДЕНТ XXXIII ЖАЗҒЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНА ҚАТЫСАТЫН ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМА КОМАНДАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТУДЫ ТАПСЫРДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрама спортшыларымен кездесуде Парижде басталатын дүбірлі доданы бүкіл әлем асыға күтетінін әрі оған төрткүл дүние түгел көз тігіп отырғанын айтты. Сонымен қатар үздіктердің үздігі бақ сынайтын байрақты бәсекеге ең мықты спортшыларымыз бара жатқанын атап өтіп, ел намысын қорғау абыройлы міндет екеніне тоқталды.

– Біз сіздерге зор үміт артамыз. Бүкіл халқымыз – сіздерге жанкүйер. Жалпы, қазақ спорт мектебінің мәртебесі қашанда биік. Спортшыларымыз әрдайым елге жұлдемен оралып жүр. Осы даңқты жолды абыроймен жалғайсыздар деп сенемін. Шын мәнінде, сіздердің жеңістеріңіз тұтас Қазақстанның жеңісі болмақ. Көк туымыз желбіресе, ұлтымыздың рухы асқақтайды, – деді Мемлекет басшысы.

Президент спортшыларымызға барлық қажетті жағдай жасалып жатқанына тоқталды.

– Елді мекендерде арнайы алаңдар салынып жатыр. Өткен жылдың өзінде 70-ке жуық спорт орталығы ашылды. Биыл тағы

200-ге жуық нысан салынады. Баршаңызға мәлім, Ұлттық олимпиада комитетінде өзгерістер болды. Олимпиада ойындарына дайындық штабы құрылды. Тәжірибелі мамандарды шақырдық. Белгілі спортшы Геннадий Головкин келді. Әр салада осындай өз ісінің нағыз шебері болуға тиіс. Сонда ғана нәтиже болады. Біз – спортшыларға айрықша құрмет көрсететін елміз, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті спорт тарихында өшпес із қалдырған саңлақтарымыздың еңбегі әрқашан жоғары бағаланатынын жеткізді. – Балуан Шолақ, Қажымұқан Мұңайтпасов, Жақсылық Үшкөмпіров, Александр Винокуров, Бекзат Саттарханов, Ольга Рыпакова атындағы спорт нысандары – соның айқын көрінісі. Сіздер де биік белесті бағындыра аласыздар. Мен бұған кәміл сенемін. Бүгінгі жастарымыз сіздерге қарап бой түзейді. Бұл – үлкен абырой, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы бейбітшілік және ын-

тымақтастық саясатына еліміздің қашанда бейілді екеніне назар аударды.

– Өткен аптада Астанада ШЫҰ саммиті табысты ұйымдастырылды. Бұл маңызы зор шараның басты мақсаты мемлекеттер мен халықтар арасындағы диалогты, достық пен сенімді нығайту болды. Мұндай басымдықтар күллі спорт әлеміне де тән. Өйткені кез келген спорт сайысы, ең алдымен, ынтымақтастықты, алға ұмтылысты және адамдардың бірлігін көрсетеді. Олимпиада ойындарының құндылықтары қарапайым спорт жетістіктерінен асып түседі. Ол – жекелеген спортшылардың да, тұтас мемлекеттердің де теңдігінің, өзара құрметі мен адал бәсекелестігінің жарқын бейнесі, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ел намысын абыроймен қорғауда спортшыларға жауапты миссия жүктелгенін айтып, оларға сәттілік тіледі.

– Бәріңіз Олимпиада жолдамысын иелену үшін көп күш жұмсадыңыздар. Өздеріңіздің асқан шеберліктеріңізді көрсетіп, жақсы

нәтижелерге қол жеткізетіндеріңізге сенімдімін. Сіздерге барша Қазақстан халқы қолдау көрсетеді. Әрине, чемпион болу оңай емес. Қазақта «Намысқа шапсаң – алысқа шабасың» деген сөз бар. Сондықтан жеңімпаз боласыздар деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы. Президент Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын Ұлттық құраманың капитаны Асланбек Шымбергеновке табыстады.

Қазақстан құрама командасының негізгі бөлігі кездесуге Алматы облысындағы «Ақбұлақ» олимпиадалық орталығынан бейнебайланыс арқылы қатысты. Онда спортшылар Париж Олимпиадасы алдындағы соңғы жаттығу жиындарын өткізіп жатыр.

Сондай-ақ іс-шарада бокстан әлем чемпионы Асланбек Шымбергенов, жеңіл атлетикадан Азия ойындарының жеңімпазы Ольга Сафронова, дзюдодан Олимпиада ойындарының жүлдегері Елдос Сметов сөз сөйледі.

ЖАҒАЖАЙ САМБОДАН ҚР ЧЕМПИОНАТЫ

Шілде айының 10-12-жұлдызы күндері Приозерск қаласында орналасқан «Балқаш» емдеу-сауықтыру кешені аумағында жағажай самбодан ересектер және әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты болып өтті. Аталған ауқымды чемпионатқа еліміздің 13 аймағынан жүзге жуық спортшы қатысты. Атап айтқанда Ақмола облысы, Ақтөбе облысы, Алматы облысы, Астана қаласы, Атырау облысы, Батыс Қазақстан облысы, Жетісу облысы, Қостанай облысы, Қызылорда облысы, Маңғыстау облысы, Ұлытау, Қарағанды облысы және Приозерск қаласынан самбо спорты түрінен бақ сынасуға бел буды. Бұл спорттық ісшара қала тарихындағы ірі спорт бәсекесі болды десек, артық



айтқанымыз емес. Чемпионаттың ашылу салтанатты жиынының шымылдығын «Достық» БЖШО-ның «Бегім-ай» би ансамблі қазақша бимен ашты. ҚР мемлекеттік Гимні салта-

натты түрде орындалғаннан кейін ісшараны жүргізушілер додалы спорт бәйгесіне арнайы шақырылған құрметті қонақтармен таныстырды. Олар арасында: Қарағанды облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Серікбайұлы Абылаев, Балқаш қаласының әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаев, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Халилин Ерден Балтабайұлы, Қазақстан Республикасы Спорттық және жауынгерлік самбо федерациясының вице-президенті Манарбек Жұбатқанұлы Бисекенов және Қарағанды облысы самбо Федерациясының президенті Ержан Маманұлы Халилин. Приозерск қаласының әкімі Мансұр Талғатұлы Ахметовке бірінші

құттықтау сөз берілді және әкім барша жиылған қауымды бүгінгі ауқымды спорттық шараның ұымдастырылуымен құттықтады. Сондай-ақ Қарағанды облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Т.С. Абылаев, спорттық және жауынгерлік самбо федерациясының вице-президенті М.Ж.Бисекенов және Қарағанды облысы самбо Федерациясының президенті Е.М. Халилин құттықтау сөз сөйледі. Жағажай самбодан ересектер және әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатында Ерлер арасындағы чемпиондар төмендегі баландардың еншісіне тиді: 50 кг. 1 орын Еспунов Асқар, 2 орын Жүніс Әділет, 3 орын Төлегенов Дәурен және 3 орын Елемесов Әділет, 71 кг. 1 орын Нұрсейітов Нұрсұлтан, 2 орын Аменов Нұрсұлтан, 3 орындар Бейсенбаев Жандос пен Құатай Арнұр. 88 кг. 1 орын Қуанов Азат, 2 орын Молдақұлов Мадияр, 3 орындар Жаңғабил Марлен мен Құатай Санжар. +88 кг. 1 орын Сейтенов Жандос, 2 орын Абдумалик Қанат, 3 орындар Жаныбеков Нұркен және Мусатай Мирас. Әйелдер арасындағы Чем-



пиондар: 50 кг. 1 орын Бажаева Маргарита, 2 орын Газизова Сабина және 3 орын Нурмухамедқызы Ғазиза. 59 кг. 1 орын Телемгенова Айгерім, 2 орын Төрөбай Айнұр және 3 орындар Төлеубай Арай мен Елубай Гүлім. 72 кг. 1 орын Даулетжан Назерке, 2 орын Қайратқызы Анель, 3 орын Әдбірсіл Зауре. +72 кг. 1 орын Нұрланбек Мөлдір, 2 орын Абеннова Арайлым және 3 орын Оразбекова Наргиз. Барлық қатысушыларды осы қызықты чемпионаттағы керемет жетістіктерімен және керемет шеберліктерімен құттықтаймыз. Сіздерің адалдықтыңыз бен табандылығыңызы бәрімізді шабыттандырады! Спортшыларды қолдауға және осы іс-шарада ұмытылмас көңіл-күй сыйлауға келгендердің барлығына рахмет! Келесі жарыстарда жаңа кездесулерге дейін!

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ.

ЖАС МАМАНҒА - МҮМКІНДІК

Бүгінгі күні қаладан шалғай орналасқан ауылдық жерлерде мамандар тапшылығы бар екені бәрімізге белгілі. Оның бірнеше себептерін атап өтуге болады. Ең басты себебі ауылдық жерлерде қалаларда жасалғандай жағдайдың болмауы.

Осыны ескеріп, мемлекетімізбен жастардың ауылдық жерде жұмыс істеуін ынталандыру мақсатында 2009 жылдан бастап «Дипломмен ауылға» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бұл бағдарлама бойынша ауылдық жерге жұмыс істеуге келген мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қарастырылған.

Бағдарлама алғашында денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарын қамтыған болса, кейіннен агроөнеркәсіптік кешені кеңейтіліп, ветеринариялық дәрігер, ветеринариялық фельдшер, вете-

ринариялық техник, зоотехник, инженер-технолог, балық өсіруші, технолог, фермер сынды мамандықтары қосылды.

Соңғы 2020 жылы енгізілген өзгерістерге сәйкес бағдарламаға қатысушылар ауқымы кеңейтіліп, жеңілдіктерді алушылардың қатарына мемлекеттік қызметшілер де қосылды.

Бағдарламаға қатысушыларға ауылдық елді мекенде тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін 15 жыл мерзімге, 0,01% мөлшерлеменен, 1500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бюджеттік кредит және 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі біржолғы көтерме жәрдемақы (қайтарымсыз) беріледі.

Көрсетілген жеңілдікті былтырғы жылы облысымыз бойынша 464 жас маман пайдаланса, биылғы жылдың 1 тоқсанында 107 маман жобаға қатысуға өтінім білдірген.

Өтінім білдіру үшін көрсетілетін қызметті алушы немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі (құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы ұсынған кезде) көрсетілетін қызметті берушіге Мемлекеттік корпорация арқылы немесе электрондық форматта «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) көтерме жәрдемақы алған кезде:
 - өтініш;
 - жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);
 - білімі туралы дипломының көшірмесі;
 - көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 2) тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алған кезде:
 - өтініш;
 - жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

- білімі туралы дипломының көшірмесі;
- көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- сәйкестендіру үшін неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (некеде тұрған көрсетілетін қызметті алушылар үшін);

Бүгінгі күні жоғарғы оқу орындарын аяқтаған жастарды аталған мүмкіндікті пайдаланып, ауылдық елді мекендерде қызмет етуге шақырамыз.

Сахариева Асель Болаткановна
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының бас маманы



ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ РУХАНИ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Бірінші кезекте зайыр сөзіне тілдік және терминологиялық тұрғыда анықтама берсек. Зайыр сөзі қайдан, қандай тілден шықты және қандай мақсатта қолданылады. Жалпы қандай ғылым саласы болмасын терминологияны дұрыс түсініп, оны өз орынына сай қолдану керек. Қоғамда кездесетін көптеген түйткілді мәселелердің бірқатары осы терминдік сөздерді басқаша түсініп алғаннан да ортаға шығып жатады. Шынында да мұндағы зайыр сөзі қазір жоғарыда келтірілген шығармалардағы мағынасында қолданылғандай еркін қолданылмайды. Қазақстан өз алдына тәуелсіз мемлекет болғалы кешегі көнерген аталым қолданысқа қайта ене бастады. Қазіргі тілімізде зайыр сөзі бұрынғы тар мағынасында емес, зайыр зат есіміне -лы, сын есім тудыратын жұрнақ жалғанған түрінде (формасында) кең мағынада қолданыс табады. Мысалы, зайырлы мемлекет, зайырлы ел т.б. Бұл жерде «жарқын мемлекет, тәуелсіз мемлекет» деген мағынаны білдіреді. Зайыр сөзінің мағыналық өрісі: анық, күмәнсіз, дәл, нақты, ашық деген синонимдік қатар түзеді.

Зайырлылық сөзінің тілдік және терминдік мағыналары түсінікті болды. Ендігі кезекте зайырлылық саясатын ұстану елімізге қаншалықты рухани пайдасын тигізеді деген сөзге тоқталсақ. Жалпы бүгінде әлемдегі мемлекеттердің көпшілігі зайырлы елдер. Гарвардта 2001 жылғы жүргізіліп, 2005 жылы есебі жарық көрген зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша, әлемде 75 ел мемлекеттік дінге ие. Зандық негізде олардың кейбірі Иранға, Дания және Израильге тән. Ал 113 мемлекет ресми түрде мемлекеттік дінге ие емес, яғни зайырлы елдер. Бұлардың бірқатары, Франция, Америка Құрама Штаттары, Түркия, Индия, т.б.

Осы 113 мемлекеттің қатарында Қазақстан да бар. Біздің еліміз бұл бағытты тәуелсіздік алған сәттен бастап қабылдаған. Мемлекет пен дін бөлек. Ешқандай дінге басымдылық берілмейді. Бірақ дін мен мемлекет бөлек деген сөз дін мен қоғам бөлек деген түсінік шықпауы керек. Өйткені мемлекетті құрайтын ол қоғам. Қоғамның ішінде дін ұстанатын және ұстанбайтын адамдар да болуы мүмкін. Сондықтан адамзат баласының руханиятын нығайтатын күшті құралдың бірі ол дін.

Біз зайырлы ел дегенде дінсіз адамдар немесе белгілі бір дәрежеде дінге қарсы шығатын халық өмір сүреді деп түсінбеуіміз керек. Керісінше болашағы айқын, елде қалыптасқан жағдайларға байланысты халықтың сұранысына көзделген шешімдер қабылданған деп айтуымыз керек. X ғасырда билік құрған Қарахан мемлекеті сияқты ислам дінін мемлекеттік дін деп бекіте алмаймыз. Өйткені қазіргі таңда қазақ жерінде 130 дан астам ұлттар мен 18 конфессия өкілдері өмір сүріп жатыр.

Қазақ елі зайырлы бағытты ұстанумен қатар рухани даму жағында шет қалдырған емес. Дінді мүлдем шетке сырып тастаған жоқ. Дін және салт-дәстүр, әдет-ғұрып

тағыда басқа рухани дамуға байланысты мәселелер арқылы Қазақстан азаматтарының рухани байлығын арттыруда. Ешқандай адамға заң жүзінде сен осы дінді ұстан деп зорлық-зомбылық көрсетілмейді. Әрқандай адамның сенім бостандығы, қалау еркі бар. Әркім өз білгенінше Құдайына жалбарынып жатыр. Немесе сен міндетті түрде осы тілде сөйлеуің керек, осы дәстүрді қалтқысыз ұстануың керек деген міндеттемелерде жоқ. Мұның бәрі зайырлы ұғымының аясында өрбіп жатқан әрекеттер.

Қазақ елінің рухани дәрежесі ежелден бері жоғары дәрежеде болған. Ата-бабаларымыз дәстүрлі ислам дінін ұстаумен қатар қазақы салт-дәстүр, өнер, ұлттық спорт бәрін бір-біріне ұштастыра отырып руханиятының мызғымастай етіп қалыптастыра білген. Қазақы ән-күй, жыр-дастандар, аңыз-әпсаналар, қара сөздер, мақал-мәтелдер, киім киістері, басындағы баспаналары, ішкен тамақтары баршасы руханиятына ерекше әсер еткен. Раухани байлықты жетілдіретін қазіргідей арнайы бір жоспарланып жасалған жобалар болмаған. Дала заңы бойынша әр қайсысы өзінің ретімен орын алып отырған.

Осы руханияттың әубаста жақсы қалыптасуы себепті, бүгінгі күнімізге де өз әсерін тигізіп өткендердің салып кеткен сара жолымен әлі бағыт алып барамыз десекте болады. Әрине өткен ұрпақпен салыстырғанда рухани дәреже тұрғысынан қазіргі ұрпақтың рухани деңгейі сай келмеуі мүмкін. Өйткені 21 ғасыр жақандану дәуірі болғандықтан рухани байлықтан қарағанда, материалдық құндылық алға шығып кеткені өтірік емес ол шындық. Мұндай әлемдік өзгеріс кезкелген халыққа өзіндік әсерін тигізеді. Сондықтан елімізде ұлттық код арқылы рухани байлықты сақтап қалумен ары қарай дамыта түсіу жұмыстары мемлекеттік деңгейде атқарылуда.

Қазақстан – дүние жүзіндегі мұсылмандар, православиліктер, католиктер, протестанттар, буддистер, иудейлер сияқты басқада конфессиялар тату тұрып жатқан жалғыз жер деп айтуға болады. Мұның баршасына мүмкіндік беретін әрине ол зайырлы ұстаным екені белгілі. Зайырлылықтың түсінігін бір-екі парақпен толық ашып беруіміз мүмкін емес. Зайырлылық ұстанымның оңтайлы екенін бүгінде әлем танып білді деуге болады. Керісінше осы бағдарды ұстамаған елдердің руханияты, экономикасы, мәдениеті, саясаты ушығып кері кетуде.

Әрқашан көптен бірге жүріу ол өмірдің заңдылығы десекте болады. Бұл жерде көптен жүріп адас деген мағынаны түсінбеуіміз керек. Көптің ығына жығылу деп айтсақ болар. Яғни зайырлы елдердің сапында болу біздің қоғамымызға тиімді болса керекті. Зайырлы ел – қайырлы ел, мекен деген тіркестер осыны айшықтай түсетіндей.

Кенжебекова П.С.
Приозерск қалалық кітапхана
басшысы

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ

Дін өркениетті адамзат тарихында көне дәуірден орын алған маңызды рухани құбылыс. Мәдениет пен діни құндылықтар дәстүрлі діни жүйелердің адамзат баласының рухани жан дүниесін жетілдіруге және адамға өмірдің маңызды мәселелерін шешуде тұғыр болуда. Бұл жағдайда дінаралық сұхбаттастыққа басты мән беру әлемдегі тыныштық, бейбіт қатар өмір сүруге жол бастайтын басты ұстаным екендігі алға шығады.

Дінаралық келісім мәдениеті «толеранттылық», «төзімділік», «дінаралық сұхбат» ұғымдарымен дәріптелуде. «Толеранттылық» ұғымы ғасырлар бойы қалыптасып, мағыналық тұрғыдан толыққан.

Дінаралық келісім – Қазақстанның қоғам өміріндегі маңызды жетістіктерінің бірі мен бірегейі. Түрлі ұлттар мен этностардың діндерінің өзара әрекеттесуінің тұрақты моделі, бүгінгі қазақ еліндегі бөлінбейтін біртұтас жасампаздық пен келісімнің негізі.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап өткендей: «Біздің этносаралық және дінаралық келісімнің моделі дегеніміз – ол әртүрлі конфессиялардың өзара әрекеттесуі бүкіл әлемдік процессіне Қазақ Елінің қосқан шынайы үлесі».

Әлемдегі кез-келген Қазақстан секілді көп ұлтты мемлекеттің өзінің тұтастығын сақтаудың негізгі шарттарының бірі – ол оның азаматтарының өзгелерден ерекше артықшылық пен үстем болып ұлтқа бөлінбей, бір қауымға, тұтас халық дәрежесіне біріктіру мәселесі алынады. Сондықтан да, Қазақстан билігі өз азаматтарының ұлттық ерекшелігін сақтай отырып, жалпы қазақстандық ұлт дәрежесінде біріктіру саясатын ұстанған.

Осылайша, Қазақстан егемендіктің алғашқы жылдарынан бастап көпэтникалы және көпконфессиялы қоғамда этностардың өзіндік ерекшелігі мен бірігуін сақтауға негізделген ұлтаралық қатынастарды қамтамасыз ететін өзіндік айрықша үлгіні қалыптастырған. Ұлтаралық қатынастардың қазақстандық үлгісі бірнеше негізгі деңгейде жүзеге асырылады: тұжырымдамалық деңгей; саяси-құқықтық (конституциялық) деңгей; институционалдық деңгей және ғылыми-әдістемелік деңгей. Тұжырымдамалық деңгей еліміздің ұлтаралық қатынастарындағы тұрақтылықты қамтамасыз етеді және ол әлеуметтік-экономикалық, мәдени, ойдандық, тұрмыстық және басқа да өзара тәуелді, толықтырушы факторларды есепке алу, Қазақстан ұлттарының өз мәдени дамуын еркін қамтамасыз ету және олардың мүдделерін қорғау мен жүзеге асыру принциптеріне сүйенеді.

Қазақстанның қарқынды дамуының тірегі болып саналатын ұлттаралық және конфессияаралық келісімі еліміздің алға қарай нық қадам

басуына мүмкіндік беретін зор алғышарт болып табылады. Сан алуан халықтар арасындағы достық, келісім мен бейбітшілікті сақтау үшін ел болып жұмылған күйде күнделікті және тұрақты түрдегі тынымсыз әрекеттер жасалынуы қажет. Сонда ғана Қазақстанда етене өмір сүретін сан алуан ұлт және конфессия өкілдерінің дауысы қуатты бір сарынға айналатын болады.

Қазіргі кезеңде Қазақстанның дамуына тән ерекшеліктердің бірі қоғам өміріндегі діннің рөлінің артуы болып табылады. Оның өзектілігі мен мәртебесі артып, әлеуметтік функциялары кеңейіп, дінге сенушілер мен діни бірлестіктердің саны өсуде. Соңғы онжылдықта республикамыздың көпконфессиялы кеңестігі дәстүрлі діни сенімдердің діни бірлестіктерінен бөлек, бұрын Қазақстанда болмаған дәстүрлі емес діни қозғалыстардың жаңа ұйымдарының енуімен күрделене түсті. Қазіргі таңда Қазақстанда 18 конфессиядан тұратын 3720 діни бірлестік жұмыс жасауда. Осындай өзгерістер аясында барлық ұлттар мен ұлыстардың өкілдері үшін экономикалық, әлеуметтік, мәдени, діни жандандудың бірдей мүмкіндіктері қамтамасыз етілген және халықтың біртұтастығы, ізгілік, ұлт құқықтары мен адам құқықтарын үйлесімді ұштастыру қағидаттары іс жүзінде көрініс тапқан сан алуан мәдениетті және конфессиялы қоғамда келісім мен төзімділікті қалыптастыру ісіндегі Қазақстанның жетістіктері айқын көрінеді.

Бұл жетістіктерге арқау болып отырған Елбасының мәдениетаралық және дінаралық үнқатысуды дамыту мақсатында іске асырған бастамаларының алғашқыларының бірі – Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы еді. Еліміздегі барлық ұлт өкілдеріне өз тілін, дінін, мәдениетін өркендетуге мүмкіндік беру саясаты қоғамдық келісім мен бейбітшілікті қалыптастыруға арқау болғаны даусыз. Шет елдерде баламасы жоқ мұндай институт қызметінде, тіпті әлемдік өркениетаралық және конфессияаралық үнқатысудың мәселелерін шешуде қолдануға болатын мол тәжірибе жатыр.

Осыған орай елімізде Елбасының бастамасымен үш жыл сайын өткізіліп тұратын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезінің конфессияаралық келісімді нығайтуда халықаралық деңгейдегі орны ерекше. Әр съезд өз алдына күрделі мақсаттар қойып, соны жүзеге асыруда қыруар жұмыстар атқарып келеді.

Балабеков Д.Қ.
Ақпараттық түсіндіру тобының
мүшесі



Реформы в действии

С НОВЫМ АСФАЛЬТОВЫМ ПОКРЫТИЕМ

Масштабную реконструкцию трассы Караганда – Жезказган начнут уже в этом году. На заседании Правительства РК министр транспорта Марат Карабаев доложил о реализации проектов. Это касается и автодороги Караганда – Жезказган. Проект не только соединит два областных центра, но и поможет привлечь грузоперевозки с севера и востока на Транскаспийский международный транспортный маршрут.

«Индустриальная Караганда»
11.07.2024




Реформы в действии

ОТ БАТОНА ДО ПАТРОНА

Наш регион всегда был хорошим партнером Астаны, хотя бы потому, что расположен совсем недалеко. К тому же Карагандинская область помогала в строительстве столицы – как материалом, так и специалистами. Немало наших земляков возводили здания и были авторами историко-культурных объектов. И сегодня шахтерский край продолжает оставаться надежным поставщиком товаров и услуг.

«Индустриальная Караганда»
06.07.2024



ДИНИ ЭКСТРЕМИЗМ-ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚАУІПТІ

Қазіргі күнде шешімін таппаған жекелеген мәселелерге қарамастан, елімізде дін саласына қатысы бар мемлекеттік органдардың жұмыстары жүйелі деңгейде жолға қойылғаны туралы толық сеніммен айтуға болады. Яғни, осыған қажетті инфрақұрылым мен құқықтық базаның негізі қаланды. Атап айтар болсақ, 2011 жылғы мамыр айында Дін істері агенттігі құрылып, сол жылдың қазан айында «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Бүгінде діни экстремизм мен терроризм әлемдік қоғамдастықты қатты алаңдатып отырған мәселеге айналды. Әрине, заманауи әлемнің қатеріне айналып отырған осынау зұлматтан біздің еліміз де сырт қала алмасы анық. Ол бүкіл қоғамның тізе қосып, күш біріктіруін қажет етеді. Дінге қатысты тура немесе жанама үдерістердің барлығы қоғамдық өмірдің маңызды бөлігін қамтитындықтан, дін төңірегіндегі туындайтын проблемаларды шешуге билік органдарымен қатар, азаматтық қоғам институттарының қатысуы ерекше маңызға ие. Мемлекет басшысы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты биылғы Жолдауында да «Зайырлы қоғам және асқақ руханият» қағидаты барлық қазақстандықтарды біріктіретін басты құндылықтардың бірі екендігін атап көрсетті. Әрине, стратегиялық және ұзақ мерзімге арналған осындай міндеттерді бүкіл қоғам болып еліміздің тұрғындарының бойында

дін мәселелері бойынша нақты бағдар қалыптастыруға мүмкіндік беретін істерді жүзеге асырғанда ғана қол жеткізуге болады. Ал, мұндай міндеттердің салмағы мен міндетін Қазақстанның болашағы зайырлы қағидаттарды басшылыққа алатын индустриялық-инновациялық дамуға тұғырланатынын еліміздің шығармашылық зиялы қауымы терең әрі жақсы түсінетіні анық. Осы ретте, азаматтар мен қоғамды сыртқы рухани агрессиядан қорғаудың және тұрғындардың бойында діни мазмұндағы ескі құндылықтарды көксейтін немесе теологиялық қателіктерге бой алдырған кереғар діни идеологияларға қарсы иммунитет қалыптастырудың маңызы аса зор. Бүгінгі күнде рухани жаулап алу дінді бетперде ретінде пайдалана отырып теріс идеяларды жастар арасында белсенді таратудан көрініс тауып отырғаны жасырын емес. Осы орайда, радикалдық сипаттағы діни ағымдардың идеологиялары азаматтарды наным-сеніміне қарай жіктеуді, дін жолында жүргендерді басқалардан жоғары қоюды, мемлекеттің зайырлы қағидатын қабылдамауды алдыңғы қатарға қояды. Ал мұндай идеологияның әртүрлі діндерді ұстанатын көп этностан тұратын Қазақстан қоғамы үшін қаншалықты қауіпті екені айтпаса да түсінікті. Радикалдық сипаттағы осындай идеялар халықты өзінің сан ғасырлық бай рухани мәдениеті мен салт-дәстүрінен бас тартқыза отырып, халықтың этникалық, мәдени-рухани тұғырын жоғалту

және азаматтардың тарихи санасын шайып тастау мақсатын ұстанады. Елімізде бүгінгі күнде радикалдық діни ағымдардан келетін қауіп-қатерлерді халық арасында кеңінен түсіндіру шаралары қолға алынып жатыр. Бұқаралық ақпарат құралдарында осы тақырыптарға қатысты мазмұнды мақалалар жарияланып, телеарналар мен радиоларда дін мәселелерін қозғайтын бағдарламалар мен хабарлар көптеп берілуде. Одан бөлек, қоғамда ғылыми және шығармашылық зиялы қауым, үкіметтік емес ұйымдар мен жастар ұйымдарының өкілдері, жұртшылық арасында беделге ие азаматтар теріс сипаттағы кереғар діни ағымдардың қауіпі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді. Қазіргі күнде Қазақстанның барлық өңірлерінде дін мәселелеріне арналған 500-ден астам ақпараттық-насихат топтары жұмыс істеуде. Аталған ақпараттық-насихат топтарының құрамында діни салада түсіндіру және профилактикалық жұмыстар жүргізетін мемлекеттік органдардың өкілдерімен қатар теологтар, дінтанушылар, діни бірлестіктердің өкілдері енген. Осы орайда, өткен жылы ақпараттық түсіндіру мақсатында өткізілген іс-шаралардың 1,3 миллионнан астам адамды қамтығанын айта кеткім келеді. Бұл мемлекеттік органдардың азаматтық қоғам институттарымен бірлесіп жүзеге асырып отырған іс-шараларының бір тұсы ғана. Бұл модель мемлекеттік құрылыстың зайырлы қағидаттарын дамытуға, қоғамның жоғары деңгей-

дегі руханиятын және мемлекет пен оның азаматтарының тұғыры берік мәдениетін қалыптастыруға негізделуі керек. Осы жерде шығармашылық зиялы қауымның діни экстремизмге қарсы тұрудағы рөлін ерекше атап өткен жөн. Өйткені, олар халқымыздың сан ғасырлық дәстүрлері мен мемлекетіміздің тұғырын құрайтын құндылықтарды мансұқтайтын радикалдық идеологиялардан төнетін қауіпті басқалардан гөрі өткір сезінеді әрі оның салдарын жақсы біледі. Мемлекеттің дін саласындағы уәкілетті органы болып табылатын Дін істері агенттігі тарапынан бүгінде осы бағытта бірқатар маңызды жұмыстар қолға алынып отыр. Агенттік жанында былтырдан бері Діни ахуалды талдау жөніндегі консультативтік сараптау кеңесі жұмыс істей бастаған болса, қазіргі күнде үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес құрылуда. Біздің ойымызша, осындай құрылымдардың белсенді жұмыс атқаруы дін саласына қатысты маңызды мәселелер бойынша қоғамдық пікірді мақсатты түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жалпы, қоғамның белсенді топтарының, ғылыми және шығармашылық зиялы қауымның қазақстандық бірегейлікті сақтау мен нығайтудағы және халқымызды діни экстремизм мен сыртқы рухани шабуылдардан қорғаудағы бірлесіп жұмыс жүргізетін негізгі бағыттары осы болмақ.

Анарбеков Н.Ә.
ААТ мүшесі

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №28/106, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.